АУДАРМАҒА БАСПАЛЫҚ ШАРТ № _____

Алматы қ. «20» қазан 2012 ж.

Мәзен Динара Балтабекқызы,

ары қарай «Аудармашы» деп аталады және **«Аруна Ltd.» ЖШС,** *ҚР резиденті, алғашқы тіркелім күні: 21.07.2000 ж., Заңды тұлғаның қайта тіркелгені туралы куәлік 28.05.2007 ж берілді. №34329-1910-ТОО, БИН 000740002166 Алматы қ. Әділет департаменті берген,* ары қарай «Баспагер» деп аталып, Жарғы негізінде әрекет ететін директор Раимбеков Қазбек Джанбекұлы тұлғасында, төмендегілер туралы осы шартты жасасты.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Баспагер Аудармашыға тапсырыс беріп, ШЫҒАРМАНЫҢ АУДАРЫЛҒАН МӘТІНІНЕ **отыз жыл мерзімге** ерекше мүліктік құқық алады, яғни, балаларға арналған «Ғарыштағы таңғажайыптар (Жұлдыздар мен ғаламшарлар)» тақырыбына сай жазылған төменде көрсетілген энциклопедиялар (кітаптар) **ағылшын тілінен қазақ тіліне** аударылады:

1) Галактика, шоқжұлдыздар, жұлдыздар (Галактика, созвездия, звезды),

2) Ғаламшарлар мен олардың серіктері (Планеты и их спутники).

1.2. Баспагер Аудармашының өкілі болып саналады және өкілі ретінде Аудармашының құқықтарын қорғауға және оларды жүзеге асыруды қамтамасыз етуге құқығы бар.

Бұл ереже осы Шарттың 1.1. тармағында қарастырылған Шарттың мерзімі біткенше өз күшінде болады.

1.3. Аудармашы өзі аударған Шығарманы, Баспагердің рұқсатынсыз оларға өзінің қандай меншіктік қалыбының барына қарамастан, ешбір жерде басып шығармауға және аударылған Шығарманы басып шығару құқығын үшінші бір тұлғаға бермеуге міндеттенеді.

1.4. 1.3. тармағында көрсетілген шектеу осы Шартта қарастырылған мерзім ішінде Аудармашы қайтыс болған жағдайда оның мұрагерлеріне қатысты.

2. Аудармашының құқықтары мен міндеттемелері

2.1. Осы Шарт бойынша орындалған аударылған Шығарманы басып шығару құқығын Аудармашы

ИЗДАТЕЛЬСКИЙ ДОГОВОР НА ПЕРЕВОД № _____

г. Алматы «20» октября 2012 г.

Мәзен Динара Балтабекқызы,

именуемое (ая, ый) в дальнейшем «Переводчик» и **ТОО «Аруна Ltd.»,** *резидент РК, дата первичной государственной регистрации: 21.07.2000 г., Свидетельство о перерегистрации юридического лица выдано 28.05.2007 г. №34329-1910-ТОО, БИН 000740002166 Департаментом юстиции г. Алматы,* именуемое в дальнейшем «Издатель», в лице директора Раимбекова Қазбека Джанбекұлы, действующего на основании Устава, заключили настоящий договор о нижеследующем.

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Издатель заказывает и приобретает у Переводчика исключительные имущественные права НА ПЕРЕВЕДЕННЫЙ ТЕКСТ ПРОИЗВЕДЕНИЯ, а именно **энциклопедии для детей** по тематике «Космические чудеса (Звезды и планеты)», а именно на книги:

1) Галактика, созвездия, звезды (Галактика, шоқжұлдыздар, жұлдыздар),

2) Планеты и их спутники (Ғаламшарлар мен олардың серіктері)

с английского на казахский язык сроком на **тридцать лет.**

1.2. Издатель считается представителем Переводчика и в этом качестве имеет право защищать права Переводчика и обеспечивать их осуществление.

Это положение действует до окончания срока Договора, предусмотренного п.1.1. настоящего Договора.

1.3. Переводчик обязуется не издавать где бы то ни было переведенное им Произведение и не передавать право на издание переведенного Произведения третьим лицам, независимо от их формы собственности без согласия Издателя.

1.4. Указанное в п.1.3. ограничение относится и к наследникам, в случае смерти Переводчика на предусмотренный настоящим Договором срок.

2. Права и обязанности Переводчика

2.1. Права на издание переведенного Произведения, выполненного по данному Договору, передаются Переводчиком Издателю и носят исключительный характер и включают в себя право осуществлять

Баспагерге береді және ол құқықтардың ішіне Баспагердің өз бетінше төмендегідей әрекеттерді жүзеге асыру құқығы да кіреді :

• аударылған Шығарманың бір немесе одан да көп данасын кітап түрінде шығару (жарыққа шығару), оның ішінде басқа шығармалармен бірге жинақ түрінде де дайындау;

• аударылған Шығарманы кез келген жолмен, кез келген таралыммен: сату арқылы, жалға беру және басқалай тарату;

• электронды түрде Интернет желілерінде жариялау және орналастыру (сайттарда, серверлерде, eBook, Lingvo және басқ.);

• осы Шарт бойынша орындалған Шығарманы шетелге шығару (шетелге шығару құқығы);

Шығарманы қайта жасау, өңдеу немесе басқаша түрде қайта дайындау (өңдеу құқығы).

2.2. Аударылған Шығарма төмендегідей талаптарды қанағаттандыруы тиіс:

а) аударылған Шығарманың берілген мәтініне сәйкес келуі тиіс;

в) аударылған Шығарма көлемі аударылатын шығарманың көлеміне сәйкес келуі тиіс. Аударыл-ған Шығарма белгілерінің саны аударылатын шығарма белгілерінің санына сәйкес келуі тиіс.

2.3. Аударма жинақталған түрде ұсынылса, Баспаға түскен болып есептеледі және егер Баспа оны алғаннан кейін 2 күн аралығында Аудармашыға аударманы өзгерту туралы талап қоймаса, аударма талапқа сай тапсырылған болып есептеледі.

2.4. Аудармашы аударылған шығарманы тұтастай немесе оның бір бөлігін басып шығару үшін басқа мекемелерге бермеуге міндеттенеді. Көрсетілген шартты бұзу Аудармашыға өз әрекеті арқылы Баспагерге келтірген шығындардың орнын толтыру түріндегі жаза қолдануға әкеп соқтырады.

2.5. Аудармашы Баспаның талабы бойынша, сыйақысыз, Шығарманың түзетулерден кейінгі таза нұсқасын тараптар өздері келіскен мерзім ішінде оқып беруге міндеттенеді. Баспа Аудармашының талабы бойынша Шығарманың түзетулерден кейінгі таза нұсқасын тараптар өздері келіскен мерзім ішінде оқып шығуға мүмкіндік беруге міндеттенеді.

2.6. Аудармашының мәтіннің таза нұсқасын тапсыруды кешіктіруі Баспаға Аударма авторының түзетулерінсіз жарыққа шығару немесе кешіктірген мерзімге сай жарыққа шығаруды кейінге қалдыру құқығын береді.

2.7. Аудармашы Баспаның ұсынысы бойынша егер аударылған Шығарманы тараптарға тәуелді емес

Издателем самостоятельно следующие действия:

• воспроизводить (издавать), то есть изготавливать, один или более экземпляров переведенного Произведения в виде книги, в том числе в виде сборников вместе с другими произведениями;

• распространять переведенное Произведение любым способом, любым тиражом: путем продажи, сдачи в прокат и далее.

• публикация и размещение в электронном виде в сетях Интернета (на сайтах, на серверах, eBook, Lingvo и др.).

• экспортировать Произведение, выполненное согласно настоящему договору (право на экспорт);

• переделывать, аранжировать или другим образом перерабатывать Произведения (право на переработку).

2.2. Переведенное Произведение должно удовлетворять следующим условиям:

а) переведенное Произведение должно соответствовать прилагаемому тексту Произведения;

в) объем переведенного Произведения должен соответствовать объему переводимого произведения. Количество знаков переведенного Произведения должно совпадать с количеством знаков переводимого Произведения.

2.3. Перевод считается поступившим в Издательство, если он представлен комплектно и считается сданным в надлежащем виде, если Издательство в течение 2-х дней после его получения не предъявило Переводчику требования об изменении перевода.

2.4. Переводчик обязуется не передавать для издания другим организациям переведенное произведение или часть его. Нарушение указанного условия влечет применение к Переводчику санкций, в виде возмещения убытков, нанесенных своими действиями Издателю.

2.5. Переводчик обязуется по требованию Издательства, без вознаграждения, читать чистую корректуру Произведения в согласованные сторонами сроки. Издательство обязуется по требованию Переводчика предоставить ему возможность читать чистую корректуру Произведения в согласованные сторонами сроки.

2.6. Задержка Переводчиком оттисков дает Издательству право выпустить в свет Произведение без авторской корректуры Переводчика или отсрочки выпуск на время задержки.

2.7. Переводчик обязуется по предложению Издательства доработать Произведение или внести в него исправления, если одобренное переведенное

себептерге байланысты жарыққа шығару мүмкін болмаса, бірақ шығарма толықтыру немесе түзету арқылы баспаға беруге жарамды болатын жағдайда, Шығарманы толықтыру немесе оған түзетулер енгізуге міндеттенеді.

3. Баспагердің құқықтары мен міндеттемелері

3.1. Баспагер аударылған Шығарманы Шарттың талаптарына толық сәйкес түрде пайдалануға міндеттенеді.

3.2. Баспагер Аудармашыдан Шарт бойынша алған өз құқықтарын іске асыру кезінде барлық коммерциялық және коммерциялық емес шарттарды өз қалауына қарай анықтайды.

3.3. Баспагер Аударылған Шығарманы пайдалану кезінде үшінші тұлғалармен қатысты барлық қарым-қатынастарда осы Шартта талап етілген жолдар арқылы өз атынан сөйлейді.

3.4. Баспагер аударылған Шығарманы заңсыз пайдаланған, Баспагердің құқықтарын бұзған тұлғаларға қатысты сот істерін өз атынан жүзеге асыруға құқылы. Мүліктік түрдегі санкциялардан басқа, Баспагер сотта аударылған Шығарманы, өзінің бүркеншік атын заңсыз пайдалануға, басқа да құқықтарын жүзеге асыруға тиым салу туралы мәселе қоя алады.

3.5. Баспагер аударылған Шығарманы басып шығару кезінде сыртынан дөңгелекпен қоршалған латынша «С» әрпінен тұратын авторлық құқықтың белгісін пайдалануға, Баспагердің атауын, Шығарманың алғашқы шығарылымының жылын көрсетуге құқылы.

3.6. Баспа Шығарманы кез келген жолмен және кез келген таралыммен басып шығаруға және таратуға құқылы.

4. Авторлық қаламақы

4.1. Баспа Аудармашыға айдың соңында аударылған Шығарманы тапсыру және қабылдау кесіміне қол қойылғаннан кейін жеке құн салығын есепке ала отырып, **132 300 (бір жүз отыз екі мың үш жүз) теңге** мөлшерінде қаламақы төлеуге (2.1. тармағының талаптарын есепке ала отырып) міндеттенеді.

4.2. Аудармашыға кітапты қайта басып шығарған кезде қаламақы төленбейді.

5. Шартты бұзу

5.1. Баспагер төмендегідей жағдайларда біржақты тәртіпте толықтай немесе ішінара Шартты бұзуға құқылы:

а) Баспагер Шығарманы аударғанда Аудармашы-ның жауапкершіліксіз қарағанын анықтаса;

б) Аудармашы аударманы өз кінәсінен белгіленген

Произведение невозможно выпустить в свет по обстоятельствам, не зависящим от сторон, он оно может быть сделано пригодным к изданию путем доработки или исправления.

3. Права и обязанности издателя

3.1. Издатель обязуется использовать переведенное Произведение в полном соответствии с условиями Договора.

3.2. Издатель по своему усмотрению определяет все коммерческие и некоммерческие условия при реализации своих правомочий, полученных от Переводчика по Договору.

3.3. Во всех отношениях с третьими лицами при использовании переведенного Произведения обусловленными настоящим Договором способами Издатель выступает от своего имени.

3.4. Издатель вправе от своего имени осуществлять судебное преследование в отношении лиц, неправомерно использующих переведенное Произведение и нарушающих права Издателя. Помимо санкций имущественного характера Издатель вправе ставить в суде вопрос о запрещении неправомерного использования переведенного Произведения, своего Псевдонима, осуществлять другие правомочия.

3.5. Издатель при издании переведенного Произведения вправе использовать знак охраны авторского права, который состоит из латинской буквы «С» в окружности, наименования Издателя, года первого опубликования Произведения.

3.6. Издательство вправе издавать и реализовывать Произведение любым способом и любым тиражом.

4. Авторский гонорар

4.1. Издательство обязуется выплатить Переводчику гонорар (с учетом условий пункта 2.1.) **132 300 (сто тридцать две тысячи триста) тенге** в конце месяца, после подписания Акта сдачи-приема переведенного Произведения с учетом индивидуального подоходного налога.

4.2. Гонорар Переводчику за переиздание не выплачивается.

5. Расторжение договора

5.1. Издатель вправе расторгнуть Договор в одностороннем порядке полностью или частично в случаях:

а) установления Издателем недобросовестности Переводчика при переводе Произведения;

мерзімде, болмаса толықтыруға берілген мерзімде тапсырмаса;
в) Аудармашы Шарт талаптары негізінде аударма-ға түзетулер енгізу туралы ұсыныстан бас тартса;
г) Аудармашының осы Шартта қарастырылған міндеттемелерді бұзуы. Көрсетілген негіздер бойынша Шарт бұзылса, Аудармашы алған қаламақысын қайтаруға міндетті.

6. Шарттың әрекет ету мерзімі

Осы Шарт қол қойылған сәттен бастап **30 жыл** бойына өз күшінде болады.

7. Форс - Мажор

7.1. Тараптардың бірі өзіне тәуелді емес себептерге байланысты (табиғи апаттар, өрттер және т.т.) Шарт талаптарын бұзған жағдайда ол бір апта ішінде келесі Тарапты сондай жағдайлардың орын алғаны туралы жазбаша хабардар етуі тиіс, ал Шарт бойынша міндеттемелерді орындау жоғарыда көрсетілген себептердің әрекет еткен мерзіміне кейінге қалдырылады.

7.2. Форс-мажорлық жағдайлардың туындағаны туралы келесі Тарапты хабардар етпеген немесе уақытында хабардар етпеген Тарап осы Шарттың 7.1. тармағын пайдалану құқығынан айырылады.

8. Дау-жанжалдарды шешу тәртібі

8.1. Осы Шарт бойынша немесе соған байланысты Тараптар арасында туындаған дау-жанжалдар мен келіспеушіліктер тараптар арасында келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

8.2. Келіссөздер жолымен дау-жалдар мен келіспеушіліктерді шешу мүмкін болмаған жағдайда олар ҚР заңдарында белгіленген тәртіпте Алматы қаласының Арбитражды сотында қарастыруға жатады.

9. Шарттың басқа да талаптары

9.1. Шартқа енгізілген барлық толықтырулар мен өзгерістер жазбаша түрде жүзеге асырылып, Тараптар немесе олардың құзырлы өкілдері қол қойған жағдайда өз күшінде болады.

9.2. Шарт бойынша құқықтар осы Шарт өз күшінде болған мерзімге беріледі және бүкіл әлем аумағы бойынша таратылады.

9.3. Шарт баптарының тақырыптары Шарт мәтінін пайдаланудың ыңғайлы болуы үшін қарастырылған және Шарт талаптарын оқып-түсінуде оларды тараптар назарға алмайды.

б) не предоставления Переводчиком перевода по его вине в установленный срок, либо в срок, установленный для его доработки;
в) отказа Переводчика внести в перевод исправления, предложенные ему на основании условий Договора;
г) нарушения Переводчиком обязанностей, предусмотренных настоящим Договором. При расторжении Договора по указанным основаниям Переводчик обязан возвратить полученный гонорар.

6. Срок действия договора

Настоящий Договор вступает в силу с момента его подписания и действует в течение **30 лет.**

7. Форс - Мажор

7.1. В случае нарушения одной из Сторон условий Договора по независящим от нее обстоятельствам (стихийные бедствия, пожары и т.п.) она должна в недельный срок после наступления таких обстоятельств письменно предупредить другую Сторону, а выполнение обязательств по Договору откладывается на срок действия вышеуказанных обстоятельств.

7.2. Сторона, не уведомившая или несвоевременно уведомившая другую Сторону о наступлении форс-мажорных обстоятельств, лишается права на использование п.7.1. настоящего Договора.

8. Порядок разрешения споров

8.1. Все споры и разногласия, возникающие между Сторонами по настоящему Договору или в связи с ним, разрешаются путем переговоров между Сторонами.

8.2. В случае невозможности разрешения споров и разногласий путем переговоров они подлежат рассмотрению в Арбитражном суде г. Алматы в порядке, установленном законодательством РК.

9. Прочие условия договора

9.1. Все изменения и дополнения к Договору действительны в том случае, если они совершены в письменной форме и подписаны Сторонами или их полномочными представителями.

9.2. Права по Договору передаются на срок действия настоящего Договора и распространяются на территорию всего мира.

9.3. Заголовки статей Договора предусмотрены для удобства пользования текстом Договора и не будут приниматься Сторонами во внимание при толковании условий Договора.

Осы Шарт Алматы қаласында «20» қазанда 2012 жылы орыс және қазақ тілдерінде бірдей заң күші бар екі данада бекітілді.

10. Тараптардың заңды мекенжайлары мен банктік деректемелері:

АУДАРМАШЫ:

АТЫ-ЖӨНІ: Мәзен Д.Б.

Мекенжайы: Алматы облысы, Ащыбұлақ ауылы, Алпамыс көшесі, 25-үй.

Тел: 8 702 698 40 58 (ұялы т.)

ЖСН: 510310200270

Жеке куәлігі: № 023344980.

қолы

ТАПСЫРЫС БЕРУШІ:
«АРУНА Ltd.» ЖШС
Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Сүлейменов к., 13 «А»
Тел +7 (727) 309 55 47
+7 (727) 309 55 99
СТН 600400120485
БСН 000740002166
ІІС KZ578560000000245444
«Банк Центр Кредит» АҚ
БСК KZKOKZKX, Кбе 17

«Аруна Ltd.»
ЖШС директоры _____ **Раимбеков Қ.Д.**

қолы

Настоящий Договор заключен в городе Алматы «20» октября 2012 года на русском и казахском языках в двух экземплярах, имеющих одинаковую юридическую силу.

10. Юридические адреса и банковские реквизиты:

ПЕРЕВОДЧИК:

ФИО: Мәзен Д.Б.

Адрес: Алматинская область, село Ащыбулак, ул. Алпамыс, дом 25.

Тел: 8 702 698 40 58 (сот. т.)

РНН: 510310200270

Уд.лич: № 023344980

подпись

ЗАКАЗЧИК:
ТОО «АРУНА Ltd.»
Республика Казахстан,
г. Алматы, ул. Сулейменова 13 «А»
Тел +7 (727) 309 55 47
+7 (727) 309 55 99
РНН 600400120485
БИН 000740002166
ИИК KZ578560000000245444
АО «Банк Центр Кредит»
БИК KZKOKZKX, Кбе 17

Директор
ТОО «Аруна LTD.» _____ **Раимбеков К.Д.**

подпись